



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 29 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 ақпанда № 5400 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға 1-қосымшаға;

2) ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Шардара ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 325 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4252 тіркелген, 2017 жылғы 10 қарашада "Шартарап-Шарайна" газетінде және 2017 жылғы 16 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шардара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шардара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Шомпиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Жолдыбай

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. 1-қосымшаға орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 25.08.2020 № 201 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны (бюджеттік
каражаттар есебінен) 5049

Ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2-қосымшаға орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 25.08.2020 № 201 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін
Барлығы: теңге (көп емес)	теңге (көп емес)
398,5	597,2

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының жалпы ата аналар жиналысының
Хаттамасы

01 қыркүйек 2021 жыл.

Көксу ауылы.

Қатысқандар; Ата-аналар, бөбекжай балабақшаның ұжымы- 74 адам.

Жиналыс төрағасы: Ж.Нурдилдаева

Хатшысы: К. Кулбекова

Күн тәртібінде:

Шардара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 29 қаулысы бойынша ата-ана жарнасы туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақша директорының уақытша міндетін атқарушы Ж. Нурдилдаева:

- Шардара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 29

қаулысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша үш жасқа дейінгі бір баланың күндік шығыны 398,5 тенге; 3-7 жас аралығындағы баланың шығыны 597,2 тенгені құрайды.

Қаулыға басшылыққа алып ата-ана жарнасын бекітсек қалай қарайсыздар?

-**Рустемов С**-ата-ана; Менің үш балам келеді балабақшаға, сонда айына 30 мың тенге төлеуім керек екен, оған жағдайымыз келмейді;

-**М.Мамбетова**-көп балалы ана- менің 3 балама 40 мың төлейді екенмін, одан да үйде отырғаны дұрыс, жағдайымыз жоқ, ай сайын сонша қаражат төлеуге;

-**Таубаев Бахытжан**- ата-ана- жас ерекшелігіне қарамай жалпы бала басына күніне 350 тенге төлесек, баланы тамаққа тойдыру мақсат емес ;

Ата-аналардың бірауыздан 350 тенге күніне әр балаға төлеуді қолдады.

Ай сайынғы ата-ана жарнасы әр балаға күніне 350 тенгеден төленетін, әр айдың 5-ші жұлдызынан кешіктірілмей төлеу және ата-ана балабақша директорымен келісім шартқа отыру керектігі ескертілді.

Жиналыс қаулы етеді;

4. Ай сайынғы ата-ана жарнасы күніне 350 тенге болып бекітілді.
5. Ата-ана мен балабақша директоры арасында келісім шарт түзілсін.

Жиналыс төрағасы
Хатшысы



Ж.Нурдилдаева
К.Кулбекова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру
тапсырысын, ата – ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңының 27 – бабы 2 – тармағына, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 6 – бабы 2 – тармағының 7 – 3) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Түркістан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етіп;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Сатыбалды

Түркістан облысы
 әкімдігінің
 2022 жылғы 29
 қыркүйектегі
 № 185
 қаулысына қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Топтың атауы	Елді мекен	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (тенге)
				мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (тенге)	
					3 жастан 6 жасқа дейін	
1	Арыс қаласы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала (экологиялық қасірет аймағы)	3723	50065	3 жастан 6 жасқа дейін - 7440
		Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл (экологиялық қасірет аймағы)	2055	54216	
2	Кентау қаласы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала	4365	41197	3 жастан 6 жасқа дейін - 12702

		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	5833	55100	3 жаска дейін 11214 тенге, 3-тен 6 жаска 13630 тенге
		Санаторлық топ	ауыл	75	91371	
		Толық емес күн болатын топ	ауыл (экология)	15	31322	3 жаска дейін 5607 тенге, 3-тен 6 жаска 6815 тенге
17.	Шарлара ауданы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	кала (экология)	1973	60214	
		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл (экология)	2762	65761	3 жаска дейін 11214 тенге, 3-тен 6 жаска 13630 тенге

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының жалпы ата-аналар жиналысының Хаттамасы

11 қазан 2022 жыл.

Көксу ауылы.

Қатысқандар; Ата-аналар, бөбекжай балабақшаның ұжымы, жалпы саны-86 адам.

Жиналыс төрағасы: Б.Сеилова

Хатшысы: А.Абдраимова

Күн тәртібінде:

- 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 185 қаулысы туралы;*
- 2. Айлин бөбекжай балабақшасындағы тәрбиеленушілердің ата-ана төлемақысының мөлшерін қаулыға сәйкес бекіту.*

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақша директоры Б.Сеилова *.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 185 қаулысы шыққанын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны 54216 тенге болғанын, ал ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері -12541 тенге болып бекітілгенін айтты. Сондықтан ата-аналарға келісім шартқа тұру керектігін, төлемақыны кешіктірмей уақтылы, келісім шартта келіскен мерзімде төлеуді айтты.*

-Даулетова Рита- ата-ана- Жаңа қаулы бойынша әр балаға күндігіне 600 тенге төлеуіміз керек екен ғой. Менің 4 немерем келеді осы балабақшаға, жеңілдік қарастырмайсыздар ма, 2021-2022 жылдары ата-аналармен келісіп, 7 мың тенге болып еді.

-Мамбетова Мейрамкул-ата-ана- Менің 7 перзентім бар, төртеуі мектепте үшеуі осы балабақшада, Көксу ауылында барлық жанұяның жер үлестері азғантай, бұрын мақта теріп, табыс табатын едік, қазіргі таңда оны да комбайн тереді, күн көрісіміз төмен, қыс мезгілінде жұмыс жоқ, басқа аудандарды ата-ана жарнасы төмен де неге біздің Шардара ауданында жоғары ?

Т. Байтұрғанов- Қаулыда жарна әр ауданда әртүрлі екен, Арыс, Отырар, Келес, Бәйдібек аудандарының ата-ана жарнасы төмен қаралыпты, біздің балаларымыз көп жемей-ақ, ел қатары 7 мың тенгеден төлейік. Мақсатымыз; баланы балабақшаға бергенде қарнын тойдыру емес, тәрбие мен оқыту, көпшілік ортаға үйрету, қоғаммен араластыру, айналамен таныстыру.


-Сейдулла Мейіржан- ата-ана; Бір үйден екі бала беретін ата-аналар үшін қиын, қаладағы жағдай мен ауылдың жағдайының айырмашылығы көп, Көксу ауылы басқа ауылдарға қарағанда күн көріс деңгейі төмен , көптеген отбасылар балаларын балабақшаға жібере алмауы мүмкін екендігін айта келіп, қаулыдағы төлемақы отбасы бюджетіне қиындау болып тұрғанын, былтырғы жылғыдай күндігіне 350 тенгеден, айына 7000 тенгеден төлесек деген ұсыныс айтты.

Ата-аналар бірауыздан мақұлдап, ұсынысты қолдады.

Жиналыс қаулы етеді:

Ай сайынғы ата-ана жарнасы әр балаға бір күндік жарна 350 тенгеден, айына 7000 тенге төленетін, әр айдың 5-ші жұлдызынан кешіктірілмей төлеу керектігі ескертілді.

Жиналыс төрағасы
Хатшысы



Б.Сеилова
А.Абдраймова

014274

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ



УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161200, Туркестан қаласы, Жаңа қалатағының ауданы, 32 көше, 16 қабат
телефон: 8 (72533) 5-94-10, факс: 8 (700) 205-94-10, код ГУ 1201501,
БНБ ККМБ/2А, БНБ К/12070102КСН5801000, БНБ 160240017052
Туркестан облысы бойынша ҚР КМ "қалыптандыру департаменті" АМ

161200, город Туркестан, управление Жаңа қал., улица 32, здание 16
тел.: 8 (72533) 5-94-10, факс: 8 (700) 205-94-10, код ГУ 1201501,
БНБ ККМБ/2А, БНБ К/12070102КСН5801000, БНБ 160240017052
ГУ "Департамент образования" по Туркестанской области КК МФ РК

№

№ исх: 42-01-11/7372 от: 04.10.2023

№ вх: 2002 от: 05.10.2023

04.10.2023-ғы № 42-01-11/7372 шығыс хаты

05.10.2023-ғы № 2002 кіріс хаты

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім басқармасы (*Бұдан әрі - Басқарма*) Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 185 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлем ақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы қаулысына өзгеріс енгізу туралы облыс әкімдігінің 2023 жылғы 04 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлем ақысының мөлшерін бекіту туралы» №218 Қаулысын жұмыс барысында Заң талаптарына сәйкес басшылыққа алу үшін жолдайды.

Қосымша: 12 бетте.

Басшының орынбасары

А.Садықова

Орын: Ж.Елемесова
Тел: 8 (72533) 5-94-35

01-11/7372 от: 04.10.2023

2002 от: 05.10.2023

4.10.2023-ғы № 42-01-11/7372 шығыс хаты

05.10.2023-ғы № 2002 кіріс хаты

Түркістан облысы әкімдігінің
2023 жылғы _____
№ _____ қаулысына қосымша
Түркістан облысы әкімдігінің
2023 жылғы 12 қыркүйектегі
№ 57 қаулысына қосымша

Түркістан облысының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Топтың атауы	Елді мекен	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
				Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	
				2 жастан 6 жасқа дейін		
1.	Арыс қаласы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	қала (экология)	3694	50756	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл (экология)	2113	54973	
2.	Кентау қаласы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	қала	4700	42088	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	1073	46305	
3.	Түркістан қаласы	Балалар 9 сағат бойы	қала (экология)	15103	50756	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-

		сағат бойы болатын топ				11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
		Санаторлық топ	ауыл	80	75725	
12.	Сарыағаш ауданы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	қала	6910	42088	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	16812	46305	
13.	Сауран ауданы	Толық емес күн болатын топ	ауыл (экология)	600	25855	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл (экология)	5635	54973	
14.	Созақ ауданы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл (экология)	4118	54973	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
15.	Төлеби ауданы	Толық емес күн болатын топ	ауыл	240	22017	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	4444	46305	
		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	қала	1843	42088	
		Санаторлық топ	қала	12	81278	
16.	Түлкібас ауданы	Толық емес күн болатын топ	ауыл	100	22017	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
		Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	5639	46305	
		Санаторлық топ	ауыл	75	75725	
17.	Шардара ауданы	Толық емес күн болатын топ	ауыл	15	25855	3 жасқа дейін 11214 теңге, 3-тен 6 жасқа 13630 теңге
		Балалар 9	қала	1976	50756	

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «Айлин» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының жалпы ата-аналар жиналысының
Хаттамасы

09 қазан 2023 жыл.

Көксу ауылы.

Қатысқандар; Ата-аналар, бөбекжай бақшаның ұжымы, жалпы саны- 74 адам.

Жиналыс төрағасы: Б.Сеилова
Хатшысы: А.Абдраимова

Күн тәртібінде:

- 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 04 қазандағы № 218 қаулысы туралы;*
- 2. Айлин бөбекжай бақшасындағы тәрбиеленушілердің ата-ана төлемақысының мөлшерін қаулыға сәйкес бекіту.*

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеген бөбекжай бақшаның меңгерушісі Б.Сеилова *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 04 қазандағы № 218 қаулысы шыққанын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны 54973 тенге болғанын, ал ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері 3 жасқа дейін - 11214 тенге; 3 жастан 6 жасқа дейін - 13630 тенге болып бекітілгенін айтты. Сондықтан ата-аналарға келісім шартқа тұру керектігін, төлемақыны кешіктірмей уақтылы, келісім шартта келіскен мерзімде төлеуді айтты.*

-Мамбетова Мейрамкул- ата-ана- Жаңа қаулы бойынша әр балаға күндігіне 650 тенге төлеуіміз керек екен ғой. Менің балабақшаға 3 балам келеді, жанұямда 8 перзент өсіріп отырмын, жеңілдік қарастырмайсыздар ма, 2022-2023 жылдары ата-аналармен келісіп, 7 мың тенге болып еді.

-Наурызбаева Ақшолпан -ата-ана- Менің 6 перзентім бар, төртеуі мектепте үшеуі осы балабақшада, Көксу ауылында, барлық жанұяның жер үлестері азғантай, бұрын мақта теріп, табыс табатын едік, қазіргі таңда оны да комбайн тереді, күн көрісіміз төмен, қыс мезгілінде жұмыс жоқ, басқа аудандарда ата-ана жарнасы төмен, неге бізде жоғары жоғары ?

С. Рустемов- біздің балаларымыз көп жемей-ақ, ел қатары 7 мың тенгеден төлейік. Мақсатымыз; баланы балабақшаға бергенде қарнын тойдыру емес, тәрбие мен оқыту, көпшілік ортаға үйрету, қоғаммен араластыру, айналамен таныстыру.

-Сейдулла Мейіржан- ата-ана; Бір үйден екі бала беретін ата-аналар үшін қиын, қаладағы жағдай мен ауылдың жағдайының айырмашылығы көп, Көксу ауылы

басқа ауылдарға қарағанда күн көріс деңгейі төмен , көптеген отбасылар балаларын балабақшаға жібере алмауы мүмкін екендігін айта келіп, қаулыдағы төлемақы отбасы бюджетіне қиындау болып тұрғанын, былтырғы жылғыдай күндігіне 350 тенгеден, айына 7000 тенгеден төлесек деген ұсыныс айтты.

Ата-аналар бірауыздан мақұлдап, ұсынысты қолдады.

Жиналыс қаулы етеді:

Ай сайынғы ата-ана жарнасы әр балаға бір күндік жарна 350 тенгеден, айына 7000 тенге төленетін, әр айдың 5-ші жұлдызынан кешіктірілмей төлеу керектігі ескертілді.

Жиналыс төрағасы
Хатшысы



Б.Сеилова
А.Абдраймова